

С.С.Серікбаева, А.И.Бирманова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: birmanova81@mail.ru)

Зандылық пен құқықтық тәртіпті жетілдіру

Мақалада зандылық пен құқықтық тәртіптің атқаратын қызметі олардың қоғамдық қатынастардың құқықтық реттелуіндегі орны мен өзгешеліктері қарастырылды. Зандылық пен құқықтық тәртіп құқықтық мемлекеттің қажетті элементтері болып табылғандықтан, мемлекет мызғымас зандылық пен құқыққа негізделген қалыпты деңгейдегі тәртіп жағдайында ғана құқықтыққа айналатын анықтай отырып, оның орны мен ролі, заңнаманы жетілдіру мәселесінің көкейтестілігіне байланысты заңдық себептері анықталды. Зандылық және құқықтық тәртіп мәселелері, әр уақытта ғалымдардың және іс жүзіндегі қызметкерлердің көңілін өзіне аударады, себебі жеке адамның құқығы мен еркі қоғамның саяси тәртібін анықтаудың тікелей нысаны. Мәселе шегінде қазіргі зандылықтың түсінігін белгілеу кезінде үлкен көңіл аударатын сұрақ, мемлекеттің заңдарында және заңға қосымша нормативті шығармашылықта, шын мәніндегі құқықты көрсете білу идеясы олардың мемлекеттік-құқықтық дамуына ықпалының көлемі мен бағыттылығына байланысты ерекшеленеді.

Кілт сөздер: зандылық, құқықтық тәртіп, демократия, құқықтық мемлекет, мемлекеттік билік, субъект, реформа.

Тәу етер тәуелсіздігімізді алып, егеменді ел болған жылдар ішінде жас мемлекетіміз буыны бекіп, қалыптасуының күрделі кезеңін басынан өткерді. Осы уақыт аралығында азаматтардың жеке бас, әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени құқықтары мен бостандықтарын бекітуде, қалыпты әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету мен зандылық қағидасының орнығуына қатысты көп мәселе шешімін тапты. Елдегі зандылықтың қалыптасуына байланысты аз еңбек жасалмағанымен, оны болашақта жетілдіре түсу қоғамдық және мемлекеттік ұйымдардың қызметі уақыт талабына жауап беріп, елде өткізіліп жатқан құқықтық реформалар үрдісінің бүгінгі қадамдары және тенденцияларымен санасуымен тығыз байланысты.

Қандай елде болмасын құқықтық мемлекетті қалыптастырудың бұлжымас шарты және құралы зандылық пен құқықтық тәртіпті нығайту болып табылатындықтан, әуелі оның теория мен тәжірибе үшін маңызды мағынаға ие мәселесін қолға алу керек. Мұндай мәселені туғызатын жағдайлар ішінде зандылықтың қағидалары мен талаптарының шегін анықтау елеулі роль атқарады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 2-тармағына сәйкес «Конституцияның ең жоғары заңдық күші бар деген ереже», «Мемлекеттік қызмет туралы» ҚР Заңының 3-бабының 1-тармағында, ҚР Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы кодексінің 9-бабында және тағы басқа заңдарда бекітілген зандылық қағидалары осының көрінісі. Бұл нормалармен заңның жоғарылығы, зандылықтың бірлігі, шынайылығы және ақылға сыйымдылығы сияқты зандылық қағидаларының мазмұндары анықталған.

Зандылық мазмұнын білдіретін негізгі идеялары болып табылатын зандылық қағидалары және сақталуы, орындалуы құбылысты заңды ететін жалпы түрде қалыптастырылған зандылық талаптарының айырмашылығы сол — соңғысы тек белгілі бір субъектілердің жекелеген қызмет түрлерімен ғана байланысты. Мысалы, белгіленген тәртіпте құқықтық актілер шығару талабы тек мемлекеттік органдарға қатысты. Бұл жерде көріп отырғанымыздай, заң ережелері құқық нормасының мазмұнымен негізделген бағытын көрсетуі керек. Осылайша, құқықтық мемлекеттің бір шарты болып табылатын заң мен құқық арасының алшақ болмауы қамтамасыз етіледі.

Құқықтық ретінде орныққан мемлекеттің зандылық қағидалары мен талаптарының ара қатынасы туралы айта отырып, төмендегідей қорытынды жасауға болады:

- әрбір зандылық қағидасы оның зандылық талаптарының жинағына тармақтала алады. Мысалы, заңның жоғарылығы қағидасы — барлық заңдардың Конституцияға сәйкестігі, заңға бағынышты актілердің заңға сәйкестігі талаптарына;
- бұл талаптардың өз кезегінде заңда тікелей көрсетілген немесе оның мәтінінен шығатын ережелерге тармақтала алады. Мысалы, судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады (ҚР Конституциясының 77-бабының 1-тармағы) [1].

Жоғарыда көрсетілген әдіспен біз зандылық қағидаларынан оның талаптары арқылы нақты құқықтық нұсқауларға өте аламыз. Бұл зандылықтың талаптарының қатарын нақты анықтауға және

нормативті түрде бекітіп, нақтылануын жүзеге асыруға септігін тигізеді. Ал ол өз кезегінде заңдылық пен құқықтық тәртіптің нығайтылуы үшін қосымша мүмкіндік туғызады.

Әсіресе мұндай тармақталу әдісіне мемлекеттік билік деңгейлерінде баса назар аударылуы қажет. Мәселен, Қазақстандағы заңдылық жағдайына жасалынған талдау жағымсыз тенденциялардың экономикалық аумақта асқына өршігендігін көрсетеді. Мұндағы заңдылықтың бұзылуына барлық мемлекеттік билік деңгейінде жол берілген. Әр жерде бос бұйдалық, өз мүдделерін алдыға қою, қызметін пайдалану фактілері орын алып отыр. Атап айтсақ, 2011 жылы прокуратурамен Үкіметтің заң талаптарына сәйкес келмейтін 35 актісі анықталған. Олардың көбісі жеткілікті талдаусыз, үстірт қабылданған. Министрлік пен ведомстволарда мұндай актілердің 96-сы, облыстық және аудандық акиматтарда екі мыңнан астамы тіркелген. Ал сол жылы прокуратурамен барлығы 29 мыңнан астам заңсыз актілер анықталған. Олардың ішінде екі мыңдайы нормативтік сипатта болған.

Мемлекет үшін заңдылық пен құқықтық тәртіптің атқаратын қызметі олардың қоғамдық қатынастардың құқықтық реттелуіндегі орнымен анықталады. Қоғамды басқарудың идеологиялық, саяси, экономикалық, ұйымдық және т.б. әдістері мен құралдарын қолдана отырып, мемлекет солардың қатарында қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуге де баса назар аударуы қажет. Оған сәйкес, мемлекет құқықтық нормалардың шығуы мен орындалуын, сақталуын, яғни заңдылықты жүзеге асыра отырып, құқықтық тәртіп орнатады [2].

Заңдылық пен құқықтық тәртіп құқықтық мемлекеттің қажетті элементтері болып табылғандықтан, мемлекет мызғымас заңдылық пен құқыққа негізделген қалыпты деңгейдегі тәртіп жағдайында ғана құқықтыққа айналады.

Заңдылықты қамтамасыз ету бейберекет қалыптаспайды. Ол қоғамдық қатынас субъектілерінің жүріс-тұрысына мақсатты түрде бағытталған ықпал етуді талап етеді, яғни басқарушылық үрдіс болып табылады. Бұл үрдістің сәтті жүргізілуі үшін жеке адам мен қоғамға әсер ететін әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени, психологиялық, құқықтық факторларын ескеру қажет. Өйткені осы факторлардың тікелей немесе жанама әсерінен құқықтық сана қалыптасып, оған сәйкес жүріс-тұрыс сипаттары пайда болатыны сөзсіз.

Осылайша, заңдылықтың нығаюы мәселесі комплекстік сипатқа ие және әлеуметтік өмірдің көптеген құбылыстары мен үрдістерімен тығыз байланысты. Сондықтан аталмыш мәселе елдегі жағдайдың жалпы тұрақтану кезінде ғана мүмкін болады.

Жоғарыда айтылғандарда ескере отырып, құқықтық мемлекетті қалыптастыру жағдайындағы заңдылықтың дамуы бойынша төмендегідей болжам жасауға болады.

Ең әуелі заңдылықтың пәндік және субъектілік жағынан өзгерістер орын алуы мүмкін. Мұнда заңмен реттелмеген және тыйым салынбаған құбылыстарға қатысты объектілер және адамдардың жүріс-тұрыстары, құқықтық жүзеге асыру актілері заңдылық қасиетке ие болады. Қоғамдық қатынастардың барлық субъектілері заңдылықтың сақталуына байланысты шынайылығы абсолюттілікке дейін өсе түсетін құқықтар мен міндеттерге ие болады.

Екіншіден, заңдылықтың нормативтік жағы жетіліп, заңшығармашылықтың құрылымы түбірімен өзгеріске ұшырайды. Мұнда заңнама мазмұны қоғамның дамуының шынайы шарттарына сәйкес болады. Бұл үшін демократияландыру жолымен құқықтық актілердің қабылдануы жетілдіріледі. Сонымен қатар құқықтың негізгі қайнар көзі ретінде тікелей әрекет ететін, яғни, ешқандай толықтырма және нақтылаушы қосымша актілерді қажет етпейтін заңдардың қалыптасуы заңдылықтың аса маңызды қағидасы — заңның жоғарылығын жүзеге асыруға септігін тигізеді.

Елдегі конституциялық заңдылықтың жай-күйі көбінесе қолданыстағы заңдардың сапасы мен ұлттық нормативтік-құқықтық базаның тұрақтылығына байланысты болып келеді. Конституциялық бақылау материалдары кейбір заңдардың тиісті түрде тұжырымдамалық дайындықсыз қабылданатынын, бір-біріне қайшы келіп жататынын, ал оларға негізсіз жиі енгізілетін түзетулер қолданыстағы заңнама мен құқық қолдану практикасының тұрақсыздығын туындататынын айғақтайды [3].

Үкімет бастамашылық жасаған жекелеген заң жобаларын қарай отырып, депутаттар олардың тұжырымдамалары шегінен шығып ғана қоймай, құқықтық нормалармен толықтырып та отырған. Бұл нормалар, Конституциялық Кеңестің есептеуінше, Конституцияда және өзге де заңнамалық актілерде көзделген барлық рәсімдерді сақтай отырып (негіздеме жасау, қаржы-экономикалық есептеу және ғылыми сараптама жүргізу, заңдық және әлеуметтік салдарына болжам жасау және т.б.) енгізілетін өз алдына бөлек заң жобасының нысаны болуға тиіс еді.

Одан тыс, заң жобаларын әзірлеу және заңдарды қабылдау кезінде Парламенттің Конституцияның 54-бабы 1-тармағында және 61-бабы 3-тармағында белгіленген заң шығару өкілеттігінің шегі сақталғаны жөн. Соған орай Конституциялық Кеңес Республика Үкіметінің, Парламентінің және заң шығару процесінің өзге де қатысушыларының өзара іс-әрекет жасау рәсімдерін жетілдіру, заң шығармашылығы қызметінің нәтижелерін және қолданыстағы заңнаманың тиімділігін ұдайы құқықтық тұрғыдан бақылаудың жүйесін қалыптастыру жөнінде заңнамалық шаралар қабылдау қажет деп пайымдайды.

Конституциялық Кеңестің осы құқықтық көзқарасы құқық бұзушылық құрамдарының белгілерін айқындайтын нормалардың кемшіліктерін тауып, жою мақсатында заң алдындағы жауаптылық шараларын көздейтін заңнамалық актілерге тексеру жүргізу үшін негіз болып табылады.

Негізгі заңның үстемдігін қамтамасыз етуге қатыса отырып, Конституциялық Кеңес өзінің нормативтік қаулылары арқылы қолданыстағы құқық нормаларын жасайды, сондай-ақ мемлекеттік билік тармақтарының конституциялық негізде өзара келісіп іс-әрекет етуіне, конституциялық заңдылықты нығайтуға, адамның және азаматтың Конституциямен кепілдік берілген құқықтары мен бостандықтары қорғалуына септігін тигізеді [4].

Алайда, «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» ҚР Конституциялық заңының, Конституциялық Кеңес мүшелерінің қызметіне қандай болса да араласуға, сондай-ақ оларға қандай түрде болса да қысым жасауға немесе басқадай ықпал етуге жол берілмейді және бұл заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады деп белгілейтін нормасы (11-б. 1-т.) осы уақытқа дейін заңнамада іске асырылмады. Конституциялық Кеңес мұндай жауапкершілікті сотты құрметтемегені үшін белгіленген жауапкершілікпен ұқсастыра отырып енгізген жөн деп пайымдайды, ал бұл Мемлекет басшысының Конституциялық Кеңестің беделін көтеру және оның Негізгі Заңды қорғаудағы мүмкіншіліктерін күшейту қажет екендігі туралы тапсырмаларына сәйкес келеді («Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясының VII съезінде сөйлеген сөзі).

Елдегі конституциялық заңдылықтың жай-күйін бағалай отырып, Конституциялық Кеңес Республиканың құқықтық жүйесі тұтас алғанда Конституция негізінде және халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған принциптері мен нормаларына сәйкес сәттілікпен дамып, жетіліп келе жатқанын атап көрсетеді.

Заңдылықты, қоғамдық тәртіпті және тәртіпті көтеру Қазақстан Республикасында демократиялық, тәуелсіз, құқықтық мемлекет құрудың маңызды шарты.

Заңдылық, қоғамдық тәртіп және тәртіп:

- қоғамдағы тәртіп негізі, ядросы;
- демократияның шарты және қажетті элементі;
- негізгі жалпы адамзаттық құндылықтар, құқықтық және мәдениеттің маңызды бөлігі.

Заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту құқықтық мемлекет қалыптастыру шарты мен құралы.

Құқықтық мемлекетте:

1. Заңдылықтың пәндік жағы кенейе түседі. Адам әрекетінің әр түрлі заңға сәйкестігі арта түседі.

2. Заңның субъективті жағы өзгереді. Субъект шынайы түрде заңдылықты талап ете алады.

3. Заңдылықтың нормативті жағы жетіле түседі: а) заң мазмұны шынайы жағдайға, қоғам дамуының прогрессивті бағытына сәйкес келеді; ә) құқық шығармашылық процесі жақсара түседі, ол демократиялық, қоғам мүшелерінің кең қатысуы, ғылыми базаның жақсару нәтижесінде жүзеге асады; б) заңнама құрылымы түбегейлі өзгеруі керек. Заң құқықтың негізгі нысанына айналуға тиісті [5].

Заңдылық, құқықтық тәртіп және демократия. Қатаң заңдылық пен құқықтық тәртіпсіз, тәртіпсіз және ұйымшылдықсыз шынайы демократияның болуы мүмкін емес. Демократия кез келген түсініктемесінде құқықтық өлшемдерге, «құқықтық жабынға» ие, ендеше, тек қана құқықтық өрісте сәтті дамып, қызмет ете алады. Біздің алдымызда — конституциялық пен биліктің тұтастығы. Кез келген тәртіп бостандықтың жалғасы, ал құқықтық тәртіп тіпті солай. Біздің алдымызда — көрсетілген үш категорияның тұтастығы.

Демократия — барлығына рұқсат ету емес, ол қоғамды басқарудың мұқият жөнге келтірілген жүйесі, халықты билеу түрі. Құқық, заңдар, тәртіп — демократияның ажырамас элементтері, оларсыз ол орнықсыз және осал нәрсеге айналып кетер еді. «Шексіз», құқықтық шекарадан тыс демократия — бұл аласапыран, анархия, апат. Заңдылық — демократияның іргетасы, онсыз ол құмға салынған үй сияқты қирап қалар еді. Сондықтан «Құқық пен заңдылық арқылы демократия үшін!» деген үндеу ортақ ұранға айналуы керек.

Демократия — бұл халық билігі екендігі белгілі. Заңсыз билік толыққанды емес және тиімділігі нашар. Өз кезегінде, заң, егер ол билікке сүйенбесе, дәрменсіз. Сондықтан заң мен билік белгілі мағынада — синонимдер, олар бір-біріне қажет және бірінсіз бірі мүмкін емес. Сот өз үкімін тиісті заңның негізінде мемлекеттің (биліктің) атынан шығарады, ол осылайша олардың бірігуін, ажырамастығын кейіптейді. Билік заңның сақталуын қамтамасыз етуге міндетті, ал заң билікті өз аясында ұстап тұрады және өктемдіктен, жүгенсіздіктен сақтандырады. Демократия — бұл заң мен заңдылықтың салтанаты.

Бүгінде ел басшылығының бағдарламалық мәлімдемелерінде былай деп жарияланады: «Біздің басты проблемамыз — қатаң және жалпыға міндетті ережелердің болмауы. Кез келген адам сияқты қоғам да оларсыз өмір сүре алмайды. Ал мемлекеттегі ережелер — бұл заң, бұл Конституция, бұл тәртіп. Бұл жерде мемлекет өзінен бастауы керек. Ол тең ережелерді белгілеп қана қоймай, оларды сақтауы да керек. Заңмен белгіленген ортақ тәртіп нормаларын әркімнің орындауына осылай ғана қол жеткізуге болады... тәртіптің болмауын шынайы демократия деп ұғымдарды шатастыруға болмайды».

Кейбір әлеуметтанушылардың пікірінше, Ресейде бүгінде тәртіптен гөрі бостандық көп, ал Батыста бостандық тәртіптің шегінен тыс емес, оның шегінде орналасқан. Демократия жөнінде де соны айтуға болады — ол құқықтық өріспен сәйкес бола бермейді.

Заңдық нормалар демократияның «біріктіргіші» ретінде қолданылады, бұл «біріктіргіштер» қаншалықты сенімді болса, аталмыш институт та соғұрлым баянды және тұрақты болады. Жас ресейлік демократияның көптеген қиындықтары, шығындары оның қатаң құқықтық негіздерінің, құқықтық дәстүрлерінің болмауынан болып табылады. Осыдан — жаңа Ресейде азаматтар мен олардың бірлестіктерінің алдында айқара ашылған мүмкіндіктерге көптеп қиянат ету туындайды. Әрине, заңнаманың өзі мәні жағынан демократиялық болуы тиіс.

Алайда (және бұл кері байланыс) заңдылық пен құқықтық тәртіп демократиядан тыс ақылға қонымсыз, себебі бұл жағдайда адамның құқықтарын, тұлғаның бостандығы мен қауіпсіздігін, заңдық механизмдердің қалыпты қызмет етуін іске асыру үшін қажетті жағдайлар болмайды. Демократия кезінде адам құқықтары басқа адамдардың тек сондай құқықтарымен, яғни мүдделер, тепе-теңдігімен шектелген.

Әрине, демократия заңдылықпен және құқықтық тәртіппен ғана емес, сонымен қатар анағұрлым кең ауқымда — адамдар мен лауазымдық тұлғалардың қоғамдық тәртібімен, тәртіптілігімен, ұйымшылдығымен, жағымды жауапкершілігімен және міндеттерімен байланысты. Мұның бәрі — кемелденген, дамыған демократияның, саяси жүйенің қажетті компоненттері.

Демократия — құқықтық заңдылық пен құқықтық тәртіп ұсынатын басымдықтарды қолдануға арналған табиғи берекелі орта, олардың кепілдіктері. Тек полицейлік, тоталитарлық, репрессиялық тәртіптер ғана демократияны қажет етпейді. Керісінше, демократия олар үшін — масыл. Міне сондықтан аталмыш тәртіптерді антидемократиялық деп атайды [6].

Заңдылық және құқықтық тәртіп проблемалары, әр уақытта ғалымдардың және іс жүзіндегі қызметкерлердің көңілін өзіне аударады, себебі жеке адамның құқығы мен еркі қоғамның саяси режимінің шешуіне тікелей байланысты. Құқықтық мемлекеттің дамуының алғышартын құру кезеңінде, бұл тақырыптың өте үлкен маңызы және қажеттігі бар. Заңдылық жеке адамның шын мәніндегі еркіндігін, оның құқығы мен еркінің шындығын қамтамасыз етеді, өзінің құзыреті мен өкілеттілігі көлемінде мемлекеттік органдардың және қоғамдық ұйымдардың жұмысына септігін тигізеді.

Қазіргі заңдылықтың түсінігін белгілеу кезінде үлкен көңіл аударатын мәселе, мемлекеттің заңдарында және заңға қосымша нормативті шығармашылықта, шын мәніндегі құқықты көрсете білу идеясы. Заңдылық іс жүзіндегі құқықтың жүйесі ретінде, қоғамдағы құқықтық принциптерді, жалпы адам баласының идеалдарымен бағалылығын кіргізетін (сіңіретін), құқықтық заңдардың болуын болжайды. Осылай шешу қисындық жағынан ақтауға тұрады. Егер біз жағымды құқықтың, құқық принципіне және идеясына міндетті түрде сай келуін мойындасак, онда заңдылықтың, құқықтық заңдылықта ғана, өмір сүруге мүмкіндігі болады. Сонымен бірге жаңа теория, толық түрде, өзін құрғаннан кейін бітпейді, әрі қарай терең дамытуды қажет етеді. Заңдылықты жаңаша түсіну, оны іске асыру процесінде бекиді, сонымен қатар бұрынғы құқықтық ойлардың жетістіктерін есепке алу қажет. Заңдылықтағы ұсынылған түсінікте, ең алдымен, жағымды құқықтың сапалы жағы бөлініп шығады, осыдан бастап заңдылықтың сапалық жағы өсе түседі. Бірақ заңдылық — қиын және жан-жақты түсінік, құқықты құрумен, әрекетпен және құқықты іске асырумен демократия жүйесімен

байланысты. Заңдылықтың мазмұны тек құқықтық шығармашылықтың сипатымен ғана емес, нормативтік материалды сақтауда, орындауда және қолдануда көрінеді.

Заңдылықты заң шығарушымен салыстыруға болмайды, ал оның талабы тек заң шығарушыға қараумен шектелуі мүмкін емес, оның міндеті — құқыққа сай нормативтік актілерді шығару. Әдебиетте көрсетілгендей, заңдылықты дәстүрлі түсініктен ауыстырмай, заңдарды және басқа нормативтік актілерді — мемлекеттік органдардың, олардың лауазымды адамдарының, қоғамдық ұйымдардың және азаматтардың бұлжытпай дәл орындауын, субъектілерінен талап етуші ретінде тануымыз қажет.

Бұл жағдайды, заңдылықтың анықтамасын құрғанда жаңа идеялармен қоса, қарсылық тудырмаған ескі идеяларды да көрсету қажет. Осы идеяға көптеген авторлар құлақ асады (оның біреуі В.Н.Хропанюк). Заңдарды және соларға негізделген нормативтік актілерді бұлжытпай сақтаудың қажеттігін көрсетпесе, заңдылық өзінің теориялық және іс жүзіндегі маңызын жояды, себебі қоғамдық әрекеттегі құқықты сыйлауға, оны күнделікті өмірге жүргізуге кедергі жасайды. Қоғам мүшелерінің құқықтық мәдениетін, мүдделерін, құқықтық танымын көтеру, барлық субъектілердің құқықтық тәртіптің маңыздылығын біліп, құқық бұзудың зияндылығын болғызбау қажеттілігін талап етеді.

Сондықтан заңдылықтың кейпі, ең алдымен оның шындық негізімен, қоғамдық қажеттілікті және қоғам мүшелерінің жалпылама мүдделерін көрсететін құқықтық заңдармен анықталады. Сол негізде, заңдылық пен заңдар арасында тығыз қарым-қатынас бекиді. Заңдылықтың жоғарғы деңгейі тек сонда мүмкін, егер құқық нормаларының ең маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін келісімді жүйесі құрылса. Уақыт өткен сайын, жекелеген құқықтық ережелердің ескіруіне байланысты, мемлекет тек жаңа заңдар шығарып қоймай, оларды жаңалап және жетілдіруге ұмтылуы қажет. Құқықтық реттеуге жататын кейбір мәселелердің жеткілікті түрде құқықтанбағандығы, құқықтағы жетімсіздік, кейбір құқық нормаларының ескілігі, құқықты іс жүзінде қолдануға және заңдылық принципті жүргізуге кесірін тигізеді, себебі құқық нормаларын дұрыс қолдануда қиындық және ыңғайсыздық туғызады [7].

Еліміздегі жүргізіліп жатқан экономикалық реформа нарық қатынастарына көшу, қызметтегі заңдарды жаңалауды ғана емес, оның ережелерін, әсіресе меншік нысанын, өндірістің және ұйымдардың құқықтық жағын, шаруашылықтың еркін дамуын, жалға беру қатынастарын, жеке шаруашылық қызметтер аясындағы құқық бұзушылыққа жауапкершілікті, тамырымен қайта қарауды талап етеді. Заңдарды жетілдіру — тоқтаусыз процесс, себебі құқық өмір талабының өзгеруінен, өсуінен қалып қоймауы қажет. Қоғамдық қатынастарды оңтайлы реттеу жолдары алда да жалғаса береді. Сонымен қатар мемлекет ең соңында құқық мәселелерін шешетін белгілі түрлерді, жолдарды жөнге келтіруге міндетті, ол құқық нормаларының қажетті тұрақтылығын, қоғамдық қатынастардың беріктігін, азаматтардың және ұйымдардың өздерінің құқықтары мен міндеттеріне сенімділігін арттырады. Құқықтық жүйе бір мезгілде тұрақты және жинақы болуы қажет, ол түсініктердің өз жөніндегі үйлесімдері керек. Заңдардың бір ережесінің көп өзгеруі құқықтық-шығармашылық органдардың беделіне нұқсан келтіріп, заңдылықтың кепілдігін әлсіретеді.

Заңдылықты құқықтық-шығармашылықтың принципі ретінде негіздеп қарауға болады. Оған мемлекеттік органдардың қызметтерінің принципі, қоғамдық ұйымдардың, олардың лауазымды адамдарының және азаматтардың тәртібі, сонымен қатар құқықтық заңдарды және басқа нормативтік актілерді бұлжытпай сақтап орындау жатады. Заңдылық принципі құқықтық шығармашылықта, құқықтық заңдарды және оған негізделген заңға қосымша актілерді қабылдаудан көрінеді. Заң шығарушы, өзінің шығармашылығында құқықтың идеясына және принципіне бағынады. Сонымен қатар ол қатаң түрде Конституция белгілеген заңдардың құқықтық-шығармашылық рәсім жолдарымен жүреді. Заңдылық мемлекеттік органдар қызметтерінің қоғамдық ұйымдардың принциптері, ал олардың лауазымды адамдарына, азаматтардың тәртібіне конституциялық дәрежедегі талап қойылады.

Республикадағы мемлекеттік билік, Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бөлімінде (4-б.) көрсетілгендей, біртұтас, «ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады». Заңдылық мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың, олардың лауазымды адамдарының және азаматтардың тәртібі ретінде конституциялық талаптар дәрежесіне көтеріледі. Демократиялық мемлекет өзінің саясатын тек заңдылық тәсілдер арқылы жүргізеді, ең алдымен, жұртты ұйымдастыру және біріктіру бөлініп шығады, мемлекетті

және қоғамды басқаруға шақырады, көпжақты іс жүзіндегі қызметке тартып, мәдени және түсіндіру сендіру, тәрбие жұмыстарын жүргізіп, азаматтарды қайта тәрбиелейді. Қоғамдық құрылымдар, азаматтар өздерінің жұмысында құқықтары мен міндеттерін іске асырғанда сол сияқты заңға сай жасайды. Заңдылық, принцип ретінде, мемлекеттік және еңбек тәртібін қатаң сақтауды көздейді. Оның негізі ішкі еңбек тәртібін және басқа өндіріс қызметтерінің, ұйымдардың және мекемелердің тәртібін сақтап, қызметтегі міндеттерді, алған тапсырмаларды, келісімдерді өз кезінде бұлжытпай орындау болып табылады. Заңдылық және тәртіп бір-бірімен органикалық қарым-қатынаста болады. Заңдылық тәртіптілікті көздейді және өзі белгілі деңгейде содан тәуелді. Тәртіпті бекіту, заңдылықты бекітуге жағымды ықпал жасайды және, керісінше, ұдайы тәртіпті бұзушылық заңдылықтың негізінің беріктігіне нұқсан келтіреді.

Заңдылық, режим ретінде, құқық нормаларын іске асыруды қамтамасыз етеді және бұлжытпай сақтау, орындау талаптарының жиынтығынан тұрады [8].

Сонымен қатар оларды дұрыс пайдалану қолданудағы дұрыс жолдары мен тәсілдерді бұзғаны үшін жауапкершілік заңдылығын қамтамасыз етеді.

Демократиялық саяси режимде қажетті қоғамдық қатынастар жүйесі пайда болып, құқықты іске асыруға қолайлы жағдай туады, құқықты бұзу ескерусіз қалмайды, қоғам және мемлекет жағынан көңіл бөлінеді. Мемлекет заңдылықты бекіту шараларын белгілей отырып, жоғарыда көрсетілген үш сала арқылы түсінуді көздейді.

Заңдылықтың көздейтіні құқық субъектілерінің барлығының бөлінбей, құқықтық-нормативтік материалдарды сақтауы және орындауы болып табылады. Мемлекеттік органдар жағынан құқық нормалары бұзылса, берік заңдылық болмайтыны сияқты, азаматтар мен олардың қосылымдары заңдарды сақтамаса, солай болады. Мемлекеттік органдармен қоғамдық ұйымдардың және азаматтардың заңдарды сақтауы әр түрлі, бірақ заңдылық жағынан бірдей болады.

Заң әдебиеттерінде заңдылықтың екі бағыты туралы бірнеше рет айтылған болатын. Кең бағытта ойласақ, ол барлық құқық субъектілерінен талап ететін принцип ретінде көрінеді, ал одан кемірек қарасақ — мемлекеттік аппарат қызметтерінің принциптері.

Заңдылықты екі бағытқа бөлудің теориялық және іс жүзінде мәні жоқ. Заңдылық түсінігін кеңірек және кемірек мәнінде қарасақ, бір бағытында ол барлығына міндетті, екінші жағында — тек мемлекеттік органдар үшін міндетті, соған байланысты қате қорытынды пайда болады, яғни азаматтар әр уақытта заңдарды сақтау қажет емес, тек сонда сақтау керек, егер заңдылық кең бағытта көрінсе, іс жүзінде қай бағытта әңгіме болып жатқанын түсіну қиын және құқық бұзуды растауға жол ашылып беріледі.

Ең бастысы, заңдылықтың мазмұнында, мемлекеттік билік және басқару органдарымен, азаматтармен және қоғамдық ұйымдармен заңдылық сақтау елеулі (татымды) емес деген тұжырым (ой) қате. Ондай тұжырым азаматтардың құқықтық танымының дамуына, заңдарды сыйлау жөніндегі тәрбиеге зиянын келтіреді. Қоғамдық қатынастардың субъектілерінің ерекшеліктеріне байланысты заңдылықтың жалпыға бірдей тәртібін талап ету қажет. Тек сондай жолмен ғана, қоғамда құқықтық мемлекетті құрудың алғы шарттары құрылады.

Егер құқық субъектілерінің біреулері сондай міндеттіліктен босатылса, не болмаса өзінің қызметінде халықтың арнайы құқық қорғау органдарының бақылауынан шығып кетсе, заңдылықтың бұзылуына шын мәніндегі қауіп туады.

Тоталитарлық режим кезінде заңдылық жекелеген мемлекеттік органдармен көптеп бұзылғаны белгілі. Сондықтан мемлекеттік органдар жағынан әр түрлі заңсыздықты болдырмау түсінікті талап. Бірақ өз жағынан мемлекеттік органдар заңдарды бұлжытпай орындаса, ал азаматтармен жазаланусыз бұзылса, онда заңдылық тағы да бұзылады. Заңдарды сақтау және орындау — бір бағыттағы жалпы талап [9].

Заңдылықтың мәні, құқықтық заңдарды құрау оларды өмірге жүргізу, заң шығарушымен жоспарланбаған және оған қарсы болатын қоғамдық қатынастарды болдырмау. Егер құқықтық шығармашылық процесс демократиялық сипатта болса, ол құқықтық заңдарды қабылдауға ықпал етеді. Онда заң шығарушының мүдделері халықтың мүдделерімен сәйкес келеді, ал заңдылық барлық қоғамға қызмет етеді, оның алдында тұрған міндеттерді шешуге көмектеседі.

Заңдылықтың қоғамдық құбылыс ретінде пайда болған уақыты туралы заң әдебиеттерінде екі көзқарас бар. Кейбір авторлардың болжамы бойынша, заңдылықтың барлық кезде бірдей болмағандығын және қоғамдағы мемлекетпен, құқықтың міндетті түрде болуымен байланыстырмай, буржуазиялық демократиялық революция кезіндегі теңдік және демократия принциптерін іске асыру

кезеңінен пайда болғандығын айтады. Демократиялық емес мемлекеттерде, әсіресе жеке адамдардың құқығы зорлық пен қатал бұзылғанда, заңдылық болмады. Басқа авторлар заңдылықтың әр қоғамда, мемлекет пен құқық болғанда өмір сүргендігін мойындайды, себебі қоғам және мемлекет екеуі де заңдардың орындалуын жақтайды.

Тарихи даму, саяси теориялар әрбір қоғамда басқа құқықтық құбылыстармен қатар, соған тән заңдылықтың болғанына куә болады. Табиғи жағынан оның деңгейі әр уақытта әр түрлі болған, заңдардың өзі де демократияның жүйесі де, сондай әр түрлі болған. Дегенмен, заңдылыққа әр уақытта үлкен мән беріледі. Кездейсоқ емес, мысалы, құқықтық мемлекет құру идеясы тамырымен ерте замандағы өмір сүрген ғалымдарға (заңгерлерге) жатады. Жоғарғы деңгейде жазылған Римнің жеке құқығы өзінің көптеген ережелерінде құқықтық принциптер мен идеяларға жауап береді. Ондай болмаса, он мыңдаған жылдар кейін қазіргі кезеңнің құқық жүйесіне үлкен ықпал жасауы мүмкін емес еді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 1995 ж. Қазақстан Республикасы Конституциясы.— Алматы: Жеті жарғы, 2012.
- 2 *Шабуров А.С.* Законность и правопорядок. Теория государства и права. — М.: Норма, 1997. — С. 57.
- 3 *Табанов С., Ертуғанов Қ.* Заңдылықты жетілдіру — тәуелсіздіктің берік іргетасы // Ақиқат. — 2002. — № 2. — 18–22-б.
- 4 *Спанов А.Қ., Шапақ У.* Құқықтық тәртіп пен заңдылықтың өзара байланысы // Заңгер. — 2009. — № 4. — 64–66-б.
- 5 *Бахрах Д.Н.* Вопросы законности в государственном управлении // Правоведение. — 1992. — № 3. — С. 3–5.
- 6 *Степанов В.М.* О социалистической законности // Правоведение. — 1977. — № 3. — С. 9–11.
- 7 *Абузаров Н.А.* Механизм обеспечения законности. — Алматы: Жеті жарғы, 2001. — С. 32.
- 8 *Ким Ю.* За упрочение демократических устоев и конституции законности // Юридическая газета. — 1999. — 25 авг. — С. 4.
- 9 *Қармышов М.* Заңдылық сақталмаса, заңсыздыққа жол беріледі: Сұхбат. Б. Ғалиев // Заң газеті. — 2008. — № 56. — 16 сәуір. — 2-б.

С.С.Серікбаева, А.И.Бирманова

Совершенствование законности и правопорядка

В статье рассматриваются роль, особенности локализации, регулирования закономерности и правопорядка в общественных отношениях. Отмечено, что закономерность и правопорядок — необходимые элементы правового государства, поэтому, опираясь на закономерности и право, государство может обеспечить непоколебимый, устойчивый уровень дисциплины. Авторами исследованы проблемы совершенствования законодательства, роль и место дисциплины в становлении и развитии правового государства. Изучая круг вопросов о закономерностях и правопорядке, авторы определяют понятие «закономерность» в законах и нормотворчестве государства, выделяют истинную идею права, а также её направление и объем влияния на государственно-правовое развитие.

S.S.Serikbayeva, A.I.Birmanova

Improvement of laws and rule of law

This article deals with the role and its features of localization, regulation of regularity and law and order in the public relations. Regularity and law and order are necessary element of the constitutional state therefore based on regularity and the right, the state can provide unshakable steady level of discipline and turn its legal. And also to consider the problems of improvement of the legislation, its role and a place in formation and developments of the constitutional state. The scientists and civil servants always pay attention to regularity and law and order problems because the condition of the right and freedom of the person is directly connected with questions of definition of a political regime of society. Considering range of questions of regularities and law and order, we have to define the concept regularity in laws and sublegislative rule-making of state, specify true idea of the right, and also its direction and volume of influence on state and legal development.

References

- 1 *The Constitution of the Republic of Kazakhstan*, 1995, Almaty: Zhety Zhargy, 2012.
- 2 Shaburov A.S. *Legality and law and order*, theory of the state and the right. — Moscow: Norm, 1997, p. 57.
- 3 Tabanov S., Ertuganov K. *Truth*, 2002, 2, p. 18–22.
- 4 Spanov A.K., Shapak U. *Lawyer*, 2009, 4, p. 64–66.
- 5 Bakhrakh D.N. *Jurisprudence*, 1992, 3, p. 3–5.
- 6 Stepanov V.M. *Jurisprudence*, 1977, 3, p. 9–11.
- 7 Abuzyarov N.A. *Mechanism of providing of regularity*, Almaty: Zhety Zhargy, 2001, p. 32.
- 8 Kim Yu. *Legal newspaper*, 1999, August, 25, p. 4.
- 9 Karmyshov M. *Legal newspaper*, 2008, 56, April, 16, p. 2.

ӘОЖ 342

А.В.Турлаев, А.Б.Шәкірова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: altunay.shakirova@mail.ru)

Қазақстанда азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет қалыптастырудың ерекшеліктері

Мақалада азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасуының негізгі кезеңдері және қайнар көздерінің теоретикалық-құқықтық негіздері саяси және құқықтық ілімдер тарихы негізінде қарастырылды. Қазақстан Республикасындағы құқықтық мемлекеттің теориясы мен практикасының негізгі аспектілері көрсетіліп, азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің және азаматтық қоғамның құрылымдық элементтеріне жалпы сипаттама берілді. Азаматтық қоғамның дамуы құқықтық қатынастар мен әлеуметтік байланыстағы маңызды өзгерістермен тығыз байланыстылығы анықталды.

Кілт сөздер: қоғам түсінігі, азаматтық қоғам, құқықтық мемлекет, қайшылықтар, құқықтық қамтамасыз ету.

Адам қоғамы қалай қалыптасты, оның себептері қандай — бұл туралы бір қорытынды пікір жоқ. Бірақ бұл түсінікті ең бірінші ғылымға енгізген Адам Смит, Давид Рикардо, оған саяси сипаттама берген Гегель. Дүниежүзілік ғылыми, саяси қайраткерлердің, ойшылдардың айтуынша, қоғам саналы адамдардың ерікті түрде бірігіп өмір сүруі. Бұл бірігудің негізгі себебі — адамдардың бір мүдделігі, бір тілектестігі. Мұнсыз бірігу мүмкін емес. Мүдде екі түрлі болады: жеке адамның мүддесі және қоғамның мүддесі. Қоғам осы екі мүдде-мақсатты біріктіріп, дамытып отырады. Осы объективтік даму процесінде адамдардың өзара ынтымақтастығы қалыптасты. Сол арқылы жеке адамның қолынан келмейтін, әлі жетпейтін істерді атқаруға мүмкіншілік туды. Қоғамдық мүдде-мақсат, қоғамдық тілек уақытша емес, түпкілікті, нақты, объективтік мағынада қалыптасуы керек. Сонда ғана қоғамның жақсы дамуға, нығаюға мүмкіншілігі болады. Себебі қоғам саналы адамдардың ерікті түрде қалыптасқан одағы. Егер бұл одақ, бұл бірлік еріксіз, озбырлық түрде ұйымдастырылса, ондай одақ нәтижесіз болып, тез тарап кетер еді. Адам — қоғамның бірінші клеткасы. Қоғам — күрделі әлеуметтік бірлестігі. Бұл бірлестік, бұл қоғам дұрыс, жақсы даму үшін оның ішіндегі қарым-қатынастарды реттеп, басқару керек болды. Оны қоғамның объективтік даму процесінің заңдарына сүйене отырып, адамдар өздері әлеуметтік нормалар арқылы реттеп, басқарып отырады. Сондықтан мемлекет пен құқық пайда болды. «Адамдар өз тарихын өздері жасайды, — деп жазды Маркс, — бірақ олар оны өз қалауынша жасай алмайды, қолындағы барды, бұрынғыдан қалған мұраны қолдануға мәжбүр болады».

Қоғамның тарихи объективтік қалыптасқан негізгі белгілері:

- саналы адамдардың ерікті түрде бірлесіп одақ құруы;
- қоғамдық түпкілікті, нақты, объективтік мүдде-мақсаттың қалыптасуы;
- адамдардың өзара ынтымақтастығының, бірлігінің қалыптасуы;